

**"Шарбақты ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі"
мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы**

Күшін жойған

Павлодар облысы Шарбақты аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 27 қазандағы № 319/10 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 26 қарашада № 4810 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Шарбақты аудандық әкімдігінің 2017 жылғы 19 қыркүйектегі № 306/7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Шарбақты аудандық әкімдігінің 19.09.2017 № 306/7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекет мүлкі туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы "Мемлекеттік органының Үлгілік ережесін бекіту туралы" № 410 Жарлығына сәйкес Шарбақты ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Шарбақты ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы қоса берілген Ереже бекітілсін.

2. "Шарбақты ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте Ережені әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткізуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік етуші орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б. Ыбыраев

Шарбақты ауданы әкімдігінің
2015 жылғы "27" қазандағы
№ 319/10 қаулысымен
бекітілген

**"Шарбақты ауданының сәулет, қала құрылысы
және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже**

1. Жалпы ережелер

1. "Шарбақты ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі Шарбақты ауданының аумағында сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып саналады.

2. "Шарбақты ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Шарбақты ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі өзінің қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне, басқа да нормативтік-құқықтық актілерге, сонымен қатар осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Шарбақты ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып саналады, мемлекеттік тілде өзінің атауы жазылған мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында есепшоттары бар.

5. "Шарбақты ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түседі.

6. "Шарбақты ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапынан қатысуға құқығы бар.

7. "Шарбақты ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретіне сәйкес мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіпте "Шарбақты ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекеме басшысының бұйрықтарымен ресімделетін шешімдерді қабылдайды.

8. "Шарбақты ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. "Шарбақты ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің орналасқан мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 141100, Павлодар облысы, Шарбақты ауданы, Шарбақты ауылы, Советов көшесі, 51.

10. "Шарбақты ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жұмыс кестесі: дүйсенбі – жұма сағат 9:00-ден сағат 18:30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13:00-ден сағат 14:30-ға дейін, демалыс күндері: сенбі – жексенбі.

11. Мемлекеттік мекеменің толық атауы:

мемлекеттік тілде - "Шарбақты ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде - государственное учреждение "Отдел архитектуры, градостроительства и строительства Щербактинского района".

12. "Шарбақты ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы Шарбақты ауданы әкімдігінің тұлғасында мемлекет болып саналады.

13. Осы Ереже "Шарбақты ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып саналады.

14. "Шарбақты ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

15. "Шарбақты ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Шарбақты ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық катынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Шарбақты ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджет кірісіне жіберіледі.

2. "Шарбақты ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы, мақсаты, мәні, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеті

16. "Шарбақты ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: аудан аумағында сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру.

17. "Шарбақты ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мақсаты Шарбақты ауданында құрылысты дамытуға бағытталған мемлекеттік саясатты жүргізу және сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында азаматтардың конституциялық құқықтары мен азаттығын қамтамасыз ету болып саналады.

18. "Шарбақты ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекеме қызметінің мәні аудан деңгейінде сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік басқару функцияларын жүзеге асыру болып саналады.

19. "Шарбақты ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін жүзеге асырған кезде халықтың жайлы тіршілік етуін жақсарту;

2) мемлекеттік қызмет көрсеткен кезде, оның сапасының, сонымен қатар стандарттар мен регламенттерінің сақталуын қамтамасыз ету.

20. Функциялары:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте бекітілген аудан аумағының қала құрылысы жоспарлау кешенді сызбасын (аудандық жоспарлау жобасын), ауылдық елді мекендерінің бас жоспарларын жүзеге асыру жөніндегі қызметті үйлестіреді;

2) жоспарланған аумақ құрылысы немесе өзге қала құрылысы өзгерістері туралы тұрғындарға хабарлайды;

3) құрылыс, аумақты инженерлік дайындау, абаттандыру және көгалдандыру, аяқталмаған объектілер құрылысын тоқтату, аудандық маңызы бар объектілерді кәдеге жарату жөніндегі жұмыс кешенін жүргізу туралы шешім жобаларын дайындайды;

4) пайдалануға енгізілетін объектілерді (кешендерді) заңнамамен белгіленген тәртіпте қабылдау және тіркеу жөнінде жұмысты ұйымдастырады;

5) аудан аумағының қала құрылыс дамыту сызбасын, сонымен қатар аудандық маңызы бар қаланың, кенттің және өзге де ауылдық елді мекенді кенттердің бас жоспарларының жобаларын әзірлеуді ұйымдастырады және аудандық мәслихатқа бекітуге ұсынады;

6) елді мекендердің бекітілген бас жоспарларын (аумақтық даму сызбаларын) дамыту үшін әзірленетін қала құрылыс жобаларын бекітеді және жүзеге асырады ;

7) Қазақстан Республикасы Үкіметінің белгіленген тәртіпте салынып жатқан (құрылысы көзделген) объектілер мен кешендер мониторингін жүргізеді;

8) құрылыс немесе өзге қала құрылысын игеру үшін ведомствоға жататын аумақта мемлекет мұқтажы үшін жер телімдерін таңдау, беру, заңнамалық актілермен көзделген жағдайда айыру бойынша шешім қабылдайды;

9) қолданыстағы ғимараттардың үй-жайларын қайта жаңарту (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау, қайта бағдарлау) туралы шешім қабылдайды;

10) "Мекенжай тіркелімі" ақпараттық жүйесін жүргізеді және толтырады;

11) белгіленген тәртіпте мемлекеттік қала құрылысы кадастры базасына енгізу үшін ақпарат және (немесе) мәлімет ұсынады;

12) қала құрылысы және құрылыс саласында жұмыстар, тауарлар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүргізеді;

13) аудан аумағында коммуналдық меншіктегі және әлеуметтік-мәдени мақсаттағы объектілерді салу, қайта жаңарту және жөндеу бойынша тапсырыс беруші ретінде өзін ұсынады;

14) құрылысы аяқталған объектілерді (кешендерді) пайдалануға қабылдауды ұсынады;

15) "Шарбақты ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" ММ балансынан құрылысы аяқталған объектілерді (кешендерді) коммуналдық меншікке тапсырады;

16) заңнамаға сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсетеді;

17) заңды және жеке тұлғалардың өтініштерін қарайды;

18) "Шарбақты ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік қызметшілерімен еңбек тәртібінің орындалуына және Ар-Намыс кодексінің сақталуына бақылауды ұйымдастырады ;

19) құжаттарды сақтау және мемлекеттік мұрағатқа тапсыруды ұйымдастыру, тұрақты сақтау және жою үшін істерді іріктеу және дайындау жұмысын жүргізеді;

20) "Шарбақты ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттерді іске асыру үшін мемлекеттік органдармен, лауазымды тұлғалармен өзара байланысты жүзеге асырады:

21) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оған жүктелген өзге өкілеттікті жүзеге асырады.

21. "Шарбақты ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құқықтары мен міндеттері:

1) белгіленген тәртіпте "Шарбақты ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесіне қойылған міндеттердің орындалуына байланысты мәселелер бойынша мемлекеттік органдардан, ұйымдардан және азаматтардан келісім бойынша қажетті ақпарат сұратуға және алуға;

2) қолданыстағы заңнамамен белгіленген тәртіпте бөлімнің құзыретіне қатысты мәселелер бойынша аудан әкімдігінің қарауына ұсыныс енгізуге;

3) қолданыстағы заңнамамен белгіленген тәртіпте сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі мәселелері бойынша ауданның мемлекеттік органдарының лауазымды тұлғаларына және басқа да ұйымдарға ұйымдық-әдістемелік, ақпараттық-аналитикалық және басқа да көмек көрсетуге;

4) "Шарбақты ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүддесін мемлекеттік органдарда, сотта білдіруге;

5) өзінің құзыреті аясында шарт, келісім бекітуге;

6) мемлекеттік органның құзыреті аясында аудан әкімдігі қаулыларының жобасын әзірлеуге;

7) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және функционалдық міндеттерге қарама-қайшы келмейтін сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі мәселелері бойынша өзге де қызметті жүзеге асыруға.

3. "Шарбақты ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастыру

22. "Шарбақты ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесін басқару "Шарбақты ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттері мен функцияларын жүзеге асыруға жеке жауапкершілікті бөлім басшысы жүзеге асырады.

23. "Шарбақты ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шарбақты ауданының әкімімен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

24. "Шарбақты ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекеме бірінші басшысының өкілеттігі:

1) "Шарбақты ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жұмысын ұйымдастырады, оның қызметіне басшылықты жүзеге асырады;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес "Шарбақты ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекеме қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте "Шарбақты ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне сыйақы төлеуді және тәртіптік жаза қолдануды жүзеге асырады;

4) "Шарбақты ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің барлық қызметкерлерімен міндетті түрде орындалатын, құзыретіне қатысты мәселелер бойынша бұйрық шығарады және нұсқау береді;

5) Жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауды жүзеге асырады;

6) "Шарбақты ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулығын бекітеді;

7) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес "Шарбақты ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесін меншік нысанына қарамастан барлық мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарға ұсынады;

8) "Шарбақты ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекеме жұмысының келешекті және ағымдағы жоспарын бекітеді;

9) сыбайлас жемқорлыққа қарсы қажетті шара қабылдайды және жеке жауап береді.

"Шарбақты ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекеме басшысы болмаған кезде оның өкілеттігін орындау қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлғамен жүзеге асырылады.

25. "Шарбақты ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі мен тиісті саланың уәкілетті органдары (жергілікті атқарушы органдары) арасындағы өзара байланыс Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленеді.

26. "Шарбақты ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара байланыс Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес белгіленеді.

27. "Шарбақты ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі мен коммуналдық меншікті басқару жөніндегі уәкілетті органы (жергілікті атқарушы органы) арасындағы өзара байланыс Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес белгіленеді.

4. "Шарбақты ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі

28. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда "Шарбақты ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жедел басқару құқығында жеке мүлкі болады.

29. "Шарбақты ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлікпен, сондай-ақ қызмет нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қаржы есебінен қалыптастырылады.

30. "Шарбақты ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік ауданның коммуналдық меншігіне жатады.

31. "Шарбақты ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі егер заңнамада белгіленген болмаса, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаржы есебінен сатып алынған мүлікті өз еркімен иеліктен шығаруға немесе өзге тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.

5. "Шарбақты ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және қысқарту (тарату)

32. "Шарбақты ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және қысқарту (тарату) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

33. "Шарбақты ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" ММ таратылған жағдайда кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлік ауданның коммуналдық меншігіне жатады.